

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің өңірлік құрылымын оңтайландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қаңтардағы N 24 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) мен оның аумақтық органдары қызметінің тиімділігін арттыру, статистикалық деректердің сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ақпараттық-статистикалық орталықтары - мемлекеттік мекемелері оларды Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің аумақтық органдарына қосу жолымен, соңғыларына ақпарат жинау жөніндегі функцияларды бере отырып, қайта ұйымдастырылсын.

2. Агенттік заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 8 қ а ң т а р д а ғ ы

N 2 4 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. Ақмола облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
2. Ақтөбе облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
3. Алматы облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
4. Атырау облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
5. Шығыс Қазақстан облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
6. Жамбыл облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
7. Батыс Қазақстан облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
8. Қарағанды облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
9. Қызылорда облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
10. Қостанай облысының ақпараттық-статистикалық орталығы

11. Маңғыстау облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
12. Павлодар облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
13. Солтүстік Қазақстан облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
14. Оңтүстік Қазақстан облысының ақпараттық-статистикалық орталығы
- 15 Астана қаласының ақпараттық-статистикалық орталығы
16. Алматы қаласының ақпараттық-статистикалық орталығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ